ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АБАЙ ОБЛЫСЫ
071400, СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ
Қ. МҰХАМЕДХАНОВ КӨШЕСІ, 8 ҮЙ

АБАЙ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БСН 130340012305

№ 4186
«28» 10 2026 ж.

Мектеп директорларына

«Семей қаласының білім бөлімі» ММ «Облыстық инновациялық-әдістемелік орталығы» КММ -нің **2026 жылғы 27 қазандағы № 01-01/1144** хаты негізінде төмендегі ақпаратты жұмыс үшін жолдайды.

«El Umiti» қоры» корпоративтік қоры **2026 жылғы 25 қыркүйек пен 1 желтоқсан аралығында «Жыл профориентаторы - 2026»** республикалық байқауын өткізетінін хабарлайды.

Байқауға Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің профориентологтары, сондай-ақ кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру және өткізу міндеттері жүктелген педагог қызметкерлер шақырылады.

Байқау қорытындысы бойынша 4 жеңімпаз анықталады. Әр жеңімпазға 100 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық және «Жыл профориентаторы - 2026» дипломы табысталады. Барлық қатысушыларға алғыс хаттар беріледі. **Байқауға қатысу тегін.**

Қосымша: 3 парақта.

Бөлім басшысының м. а. **Г. Нургалиева**

Орынд: М. Жаманова
Тел: + 7 777 226 67 29

ЕРЕЖЕ

«Жыл профориентаторы – 2026» республикалық конкурсын өткізу туралы

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже **«Жыл профориентаторы – 2026» республикалық конкурсының** (бұдан әрі – Конкурс) мақсатын, міндеттерін, ұйымдастырылу және өткізілу тәртібін, қатысушыларға қойылатын талаптарды, конкурстық материалдарды бағалау және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Конкурс мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру саласындағы үздік тәжірибелерді анықтау, қолдау және тарату, кәсіби бағдар беру қызметін жүзеге асыратын мамандардың кәсіби мәртебесін арттыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы балалар мен жастардың кәсіби өзін-өзі айқындауының заманауи жүйесін дамыту мақсатында өткізіледі.

1.3. Конкурсқа қатысу ерікті негізде жүзеге асырылады.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

2.1. Конкурстың мақсаты

Мектеп оқушыларының мамандық пен білім беру траекториясын саналы түрде таңдауына ықпал ететін кәсіби бағдар беру саласындағы үздік мамандар мен тиімді тәжірибелерді анықтау және қолдау.

2.2. Конкурстың міндеттері:

- Қазақстан Республикасының үздік профориентаторларын анықтау;
- кәсіби бағдар беру мамандарының кәсіби мәртебесін арттыру;
- тиімді кәсіби бағдар беру тәжірибелерін анықтау және тарату;
- мектеп оқушыларының кәсіби өзін-өзі айқындауының заманауи нысандары мен әдістерін дамыту;
- кәсіби бағдар берудің интерактивті, цифрлық және тәжірибеге бағытталған құралдарын енгізуді ынталандыру;
- мектеп оқушыларына мамандық пен одан әрі білім беру траекториясын таңдауда көрсетілетін сүйемелдеудің сапасын арттыру;
- профориентаторлардың ата-аналармен өзара іс-қимылын дамыту;
- кәсіби бағдар беру мамандарының кәсіби қауымдастығын қалыптастыру;
- табысты өнірлік тәжірибелерді республикалық деңгейде тарату.

3. Конкурсқа қатысушылар

«Жыл профориентаторы – 2026» республикалық конкурсына білім алушылармен кәсіби бағдар беру жұмысын тікелей жүзеге асыратын **Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің профориентаторлары** қатысуға шақырылады.

Конкурсқа мектепте білім алушыларға кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыру және өткізу міндеттері ресми түрде жүктелген қызметкерлер, оның ішінде педагог-профориентаторлар және осы бағытқа жауапты өзге де педагог қызметкерлер қатыса алады.

Конкурсқа қатысу үшін жалпы білім беретін мектеп базасында жүзеге асырылған және білім алушыларға мамандық пен одан арғы білім беру траекториясын саналы таңдауға жәрдемдесуге бағытталған кәсіби бағдар беру жұмысының практикалық тәжірибесін ұсыну қажет.

4. Номинациялар және марапаттау

Конкурс қорытындысы бойынша **4 жеңімпаз** анықталады.

Әрбір жеңімпазға:

100 000 (жүз мың) теңге көлемінде ақшалай сыйлық беріледі.

Конкурстың жалпы жүлде қоры:

400 000 (төрт жүз мың) теңгені құрайды.

Жеңімпаздарға сондай-ақ «**Жыл профориентаторы – 2026**» дипломдары табысталады.

Ақшалай сыйлық Конкурстың Ұйымдастыру комитетінің шешіміне сәйкес жеңімпаздар арасында бөлінеді.

Конкурстың барлық қатысушыларына алғыс хаттар табысталады.

II. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1. Өткізу мерзімі

Конкурс **2026 жылғы 25 қыркүйектен 01 желтоқсанға дейін қоса алғанда өткізіледі.**

«Жыл профориентаторы – 2026» республикалық конкурсына қатысу үшін профориентатор жұмыс істейтін мектептің 12–14 және 15–18 жас аралығындағы білім алушыларының Qabilet жобасының кәсіби бағдар беру диагностикасына қатысуын қамтамасыз ету қажет.

Ол үшін білім алушыларға:

1. ÜMITTEN мобильді қосымшасын жүктеп, орнату қажет.

2. Қосымшада өз жас санатына сәйкес — 12–14 немесе 15–18 жас — Qabilet жобасының кәсіби бағдар беру тестілеуінен өту қажет.

Сипаттамасы: ÜMITTEN – білім алушылардың кезең-кезеңімен дамуына мүмкіндік беретін білім беру қосымшасы: олар тапсырмаларды орындайды, ұпай жинайды, жетістіктерге қол жеткізеді және олимпиадаларға қатысады.

Қосымшада:

- әртүрлі бағыттар бойынша ыңғайлы форматта ұсынылған тапсырмалар;
- белсенділік үшін ұпайлар, прогресс және бейджер;
- олимпиадаларға қосымша арқылы тікелей тіркелу;
- жаңалықтар мен пайдалы материалдар қарастырылған.

ÜMITTEN күнделікті тапсырмалардан бастап ірі білім беру бастамаларына қатысуға дейінгі оқу үдерісін бір жерде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

№	Шарт	Мазмұны
1	**Жұмыс форматы**	Конкурсқа қатысу үшін өтінім ұсыну қажет. Өтінімде: Т.А.Ә.; өңірі; жұмыс орны; лауазымы; кәсіби еңбек өтілі; байланыс телефоны; электрондық пошта көрсетілуі тиіс.
2	**Портфолио**	Портфолио мыналарды қамтуы тиіс: 1) қатысушы туралы қысқаша ақпарат; 2) кәсіби бағдар беру жүйесінің сипаттамасы; 3) ұсынылатын тәжірибе немесе жобаның сипаттамасы; 4) нысаналы аудитория; 5) мақсаты мен міндеттері; 6) қолданылатын әдістемелер мен құралдар; 7) қамтылған қатысушылар саны; 8) алынған нәтижелер; 9) тиімділікті растайтын мәліметтер; 10) тәжірибені масштабтау перспективалары.
3	**Растайтын материалдар**	Қатысушы фотосуреттерді, бейнематериалдарды, жарияланымдарды, әлеуметтік желілердегі сілтемелерді, білім алушылар мен ата-аналардың пікірлерін, алғыс хаттарды, сертификаттарды, әдістемелік әзірлемелерді, диагностика нәтижелерін, есептерді, статистикалық деректерді және қызмет нәтижелерін растайтын өзге де материалдарды ұсынуы тиіс.
4	**Тілдік талаптар**	Жұмыстар қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде қабылданады.

№	Шарт	Мазмұны
5	Жұмыстарды ұсыну тәртібі	Жұмыстар онлайн форматта электрондық пошта арқылы қабылданады: **a.kissayeva@elumiti.kz**

2. Қатысушы өз жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет желісінде жариялауға келісім береді.

3. Жұмыстарды бағалауды Конкурстық комиссия жүзеге асырады.

4. Конкурс нәтижелері **2026 жылғы 03 желтоқсанда** elumiti.kz **сайтында және @el_umiti.kz** Instagram аккаунтында жарияланады.

5. Жеңімпаздар нәтижелер жарияланғаннан кейін **2 күн ішінде** ұйымдастырушылармен байланысып, жарияланым астында өздерінің байланыс деректерін көрсетуі тиіс.

6. Егер жеңімпаз белгіленген мерзімде байланысқа шықпаса, Ұйымдастырушы оны резервтегі қатысушымен ауыстыру құқығын өзіне қалдырады.

7. Конкурс нәтижелеріне қатысты шағымдар қабылданбайды.

8. Шектеулер:

- қорлайтын мазмұндағы немесе Конкурс тақырыбына сәйкес келмейтін жұмыстар қабылданбайды;
- бұрын басқа конкурстарға ұсынылған жұмыстар қабылданбайды.

III. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9. Ұйымдастырушы осы Ережеге кез келген уақытта өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығын өзіне қалдырады.

10. Конкурсқа қатысу қатысушының осы Ережемен толық келісетінін білдіреді, сондай-ақ оның дербес деректерін жинауға, сақтауға және өңдеуге келісім бергенін растайды. Аталған келісім Конкурс өткізілетін кезеңде және аяқталғаннан кейін екі жыл бойы қолданылады.

Отдел образования города Семей Области Абай Жаманова М.М